ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы
________________ С.Қ. Сыздықов
2018 ж. « 14 » 09 ________________

# «Хор дирижерлеу» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты

Павлодар 2018

**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ** жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

**"Хор дирижерлеу" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты өз кезегінде**

білім беру саласындағы ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келетін Кешен саясатына **сәйкес келеді**,

сапаны қамтамасыз ету принциптерін қоса алғанда, білім беру мен оқытуға қатысты Кешеннің жалпы пайымын **қамтиды**,

Білім беру саласындағы Кешен стратегиясына жәрдемдеседі және білім беру саласындағы күш-жігерге ықпал етуге, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға **жәрдемдеседі.**

**«Хор дирижерлеу» білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты Бағдарға, Стратегиялық мақсаттар мен Миссияларға сәйкес келеді**

**Білім беру бағдарламасының бағдары**

Инновациялық технологияларды енгізу және белсенді қолдану, студент тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы хормейстер маманды тәрбиелеу саласында көшбасшы орынға жету.

**Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты**

Кәсіби қызметке кірісуге дайын білікті, бәсекеге қабілетті оқытушы-хормейстерлерді дайындау. Вокалдық хор қызметін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, сондай-ақ мектептегі музыка мұғаліміне оның практикалық жұмысында қажетті жүйеленген музыкалық-теориялық және әдістемелік білім беруге қабілетті орындаушы-музыкантты тәрбиелеу.

**Білім беру бағдарламасының миссиясы**

Білім беру процесінің барлық кезеңдерінде хормен ән айтуды танымал ету, хор музыкасын оқу мүмкіндіктерін ашу және дирижерлеу техникасы арқылы тыңдаушыларға жанды дыбыста тарту мақсатында хормен орындау, вокалдық-хор қызметі саласында заманауи құзыреттілікке ие кажетті кәсіби түлектерді даярлауды қамтамасыз ету.

**Құндылықтар**

Білім
Руханият
Кәсіпқойлық
Бәсекеге қабілеттілік

Патриотизм
Академиялық адалдық
Инновациялылық
Креативтілік

**Сапаны қамтамасыз ету қағидалары**

1. Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттаудың жалпы жауапкершілігі білім беру бағдарламасының басшысына жүктеледі және оқытушылар мен студенттердің нытымақтастығында орындалады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібилігіне, диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді.

3.Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

4. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін саясатты түсіндіру, нақты міндеттерді енгізу, міндеттерді айқын бөле отырып барлық деңгейдегі үрдіске қатысушыларға тиісті рәсімдер мен ережелерді ілгері бастыру үрдісі жүзеге асырылады.

5. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік - барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

6. Білім беру бағдарламасының кадрлық құрамы, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибе, педагогикалық және тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

## «Хор дирижерлеу» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары

1. Кіріктірілген білім, білік және тәжірибе негізінде жиынтық кәсіби міндеттерді шешу арқылы білім беру бағдарламасын және оның қатысушыларын бәскелестікке қабілетті етіп қамтамасыз ету.

2. Өз кезегінде өзіндік музыкалық-педагогикалық мектепті, қағидаларын, музыкалық тәрбие берудің теориясы мен тәжірибесін қалыптастыру үшін негіз болатын базалық кәсіби құзіреттілікті алу мақсатында өз қызметінде батыс, орыс, қазақ сазгерлік хор музыкасы мектептерінің бағыттарын, ағымын, дәстүрлерін теориялық және тәжірибелік оқыту.

3. Педагогтың кәсіби өсім бағытын, оның шығармашылық ізденісін анықтайтын, оқушыларды кәсіби музыкалық дайындауда сапалы білім алуға кепілдік беретін жұмыстың инновациялық түрлерін іздеу.

4. Заман талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының икемді құралы ретінде еңбек нарығының сұранысын есепке ала отырып, білім беру қызметінің спектрлерін кеңейту.

5. Білім алушыларға болашақта кәсіби қызмет мәні болатын, музыкалық вокалдық-хор және мәдени-ағартушылық қызметін тәрибелеуге бағытталған, тәжірибелік оқыту түрлерін қолдану арқылы кәсіби құзіреттіліктерін арттыруды қамтамасыз ету.

6.Білім алушының тұлғалық потенциалын толық ашуға, тұрақты кәсіби өсуіне нық ұмтылуға, жаңа білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге көмектесетін шығармашылық орта жасау.

7.Мүдделі тараптармен өзара тиімді қатынастар орнату арқылы білім беру қызметі нарығында жалпы сенімді серіктес ретінде білім беру бағдарламасы мен Кешен имиджін нығайту.

8. Білім беру бағдарлама қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру, цифрлеу, сапаны қамтамасыз етуді іске асырға кепілдік беретін әдістемелік базаны дамыту.

9. Білім беру бағдарламасының әртүрлі бағыттар мен жанрларда вокалды-хор музыкасын әйгілеуге, орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

10. Білім берудің республикалық және халықаралық деңгейіне шығуға, өз жұмыс қағидаларын, қазақ музыкалық білім беруді танытуға және алға жылжытуға көмектесетін, ауқымды инновациялық жобаларға қатысу.

**Колледждің «Фортепиано» білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойынына алады:**

- осы саясатты Фортепиано білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Хор дирижерлеу» бөлімінің отырысында қаралды
2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама